

«Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі» КММ
қамқоршылық кеңесінің отырысы
Хаттама №1

Өткізілген күні: 22.10.2023

Қатысқандар: 17

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау.
3. Кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну
5. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау.

1.Тыңдалды: Сейтпеков Дәулет Муратбекұлы – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, «Ұлытау жастары» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы, Сәтбаев қаласы маслихатының депутаты

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Сейтпеков Д.М. қамқоршылық кеңесінің төрайымы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдесіндегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын» (өзгертулер мен толықтырулармен) , ережелерімен, міндеттерімен толық нормативтік құжаттарымен таныстырып өтті және 2022-2023 оқу жылында ата-аналармен бірлесе атқарылған жұмыстардың есебін берді. Жыл бойынша мектепішілік іс-шаралар: «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Тілдер мерекесі» «Наурыз» т.б. өткізілген іс-шараларға қатысып, қолдау көрсетті. Әр айдың соңында мектеп асханасының жұмыс барысын тексеру мақсатында акт толтырылып, жағдайы бақылауға алынды. 1 маусым –балалар күніне орай ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ата-аналар тарапынан көмек көрсетілді, киіз үй құрылып, балаларға дастархан жайылды,балаларға балмұздақ таратылды. Тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы өтті. Әлеуметтік педагог Э.А. Елдосовамен бірігіп, аз қамтылған оқушыларға көмек көрсетілді. Қаламыздағы атақты "nurkids_satpaev" балалар киімі дүкенінің кәсіпкерлері Динара Султансейтова осы жылыда жомарттығын көрсетті. Мектебімізде көмекке мұқтаж 15 оқушыға (280000 көлемінде) мектеп формасын табыстады. "Универсам" дүкенінің аяқ киім бөлімі кәсіпкер Садуов Мәжит 3 оқушыға аяқ киім, Сатпаев "Арзан"дүкені (50000 көлемінде) 10 оқушыға оқу құралдарын табыстады."Престиж" магазині 2 оқушымызды мектеп формасымен қамтамасыз етті. Сонымен қатар "Мектепке жол" республикалық қайырымдылық акция аясында жәрмеңке ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде жоғарыда барлық қажетті заттар қойылып, оларды ата- аналар, оқушылар өз тандауларымен тандап алды.

Шешімі: 2023-2024 оқу жылында да ата-аналардың қолдау жұмыстары жалғассын.

2.Тыңдалды: А.Н. Каримова –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесін құру туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Н. Каримова. Қамқоршылық кеңес құрамын жаңадан сайлау туралы 2022-2023 оқу жылының Қамқоршылық кеңестің сапалық құрамын өзгерту мақстаында Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыру мектептің ресми сайтында берілген болатын. 17 мүше іріктелді. Олар:

1. Бекейова Улжалгас Исмамбетовна - 8 «А» сынып ата-ана комитеті, жеке кәсіпкер (келісім бойынша)
2. Абдикаримова Жанагуль Тулеуовна -8 «Б» сынып ата-ана комитеті, Ұлытау облысы полиция департаментінің қызметкері (келісім бойынша)
3. Дарибаева Акжан Агмановна -8 «В» сынып ата-ана комитеті, «Сәтбаев Жылу,сумен жабдықтау кәсіпорыны» ЖШС бас инженері (келісім бойынша)
4. Рахимбердиев Махан Ауесханович - 7«А»,11 «А» сынып ата-анасы, III топ мүгедегі (келісім бойынша)
5. Ажикулова Гульмира- 6 «А» сынып ата-анасы, ИП «Гүлбаян» магазин сатушы (келісім бойынша)
6. Уалинова Жанат – 10 «А» сынып ата-ана комитеті, «Қалалық білім бөлімі» ММ әлеуметтік қызметкері (келісім бойынша)
7. Халдаров Мустафа Мадимханович- 3 «А» сынып ата-ана комитеті, жеке кәсіпкер (келісім бойынша)
8. Ахмедиярова Гулзахира Сағынғалиқызы- 2 «В» сынып ата-анасы комитеті, үй шаруасында (келісім бойынша)
9. Рустемов Еркибулан Сейтбекович – 4 «А» сынып ата-анасы, жеке кәсіпкер (келісім бойынша)
- 10.Жолдасбекова Молдир Аскаралиевна- 3 «Б», 5 «Ә» сынып ата-ана комитеті, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орталығының қызметкері (келісім бойынша)
- 11.Кулашев Мадияр Бегалиевич -3 «Г» сынып ата-анасы, №16 ЖББМ музыка пәнінің мұғалімі (келісім бойынша)
- 12.Бакенова Сая Мухамбедовна – 9 «А» сынып ата-ана комитеті, үй шаруасында (келісім бойынша)
- 13.Сейтпеков Дәулет Муратбекұлы -«AQSHAM» телеарнасының коммерциялық директоры (келісім бойынша)
- 14.Бримжанова Гульнар Талғатбековна- ардагер ұстаз (келісім бойынша)
- 15.Кәрімжан Маржан Талғатқызы - Сәтбаев қ. ПБ ЖПҚП ЮПТ тобының аға инспекторы, полиция капитаны (келісім бойынша)

- 16.Есимсейтова Қаракөз Якудақызы-7 «Ә» сынып ата-ана комитеті, үй шаруасында (келісім бойынша)
- 17.Булахтина Айнұр Дюсембековна – 1 «А» сынып ата-ана комитеті, үй шаруасында (келісім бойынша)

Шешімі: Төмендегі тізімдегі конкурс үміткерлері қамқоршылық кеңес жаңа құрамына енсін.

3.Тыңдалды: А.Н. Каримова –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесін құру туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Н. Каримова Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдесіндегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын» (өзгертулер мен толықтырулармен) , ережелерімен, міндеттерімен толық таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесінің 17 мүшенің арасынан төрайымы болып бір ауыздан Сейтпеков Д.М. сайланды.

Шешімі: Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері тағайындалып, бекітілсін.

3. Тыңдалды: Сейтпеков Дәулет Муратбекұлы – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, «Ұлытау жастары» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы, Сәтбаев қаласы маслихатының депутаты
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Сейтпеков Д.М. қамқоршылық кеңесінің төрайымы тыңдалды. Ол 1-11 сынып ата-аналарына қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы айтты. Д.М. Сейтпеков қамқоршылық кеңес мектептің өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және мектептің қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Қамқоршылар кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, мектепке жабдықтар, материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алуға көмектесу үшін құрылады

Шешімі: Қамқоршылық кеңес төрайымы Д.М. Сейтпековтың айтқан ақпаратына назар аудару.

4.Тыңдалды: А.Н. Каримова –директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Шешімі: Жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.

5. Тыңдалды: Э.А. Елдосова – мектептің әлеуметтік педагогы

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Э.А. Елдосова қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік паспортымен таныстырып, аз қамтылған, қамқорлыққа алынған, өгей әкемен тұратын, көп балалы жанұядан шыққан оқушылар тізімімен таныстырып өтіп, алдағы уақытта назардан қалдырмай, тізімдегі балаларға көмек ұйымдастыруларын сұрады.

Шешімі: Э.А. Елдосова айтқан ақпаратына назар аудару, жұмыс жоспарына сәйкес көмек ұйымдастыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы



Д.М. Сейтпеков

А.Н. Каримова